

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	057
Жинақтағы беттері	261-265
ӘОЖ/УДК/UDC	УДК 338.24
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Самиғоллаева Құралай Қайратқызы; Сон Сания Ділмухамедқызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор Сабирова Р.К.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

қызметкерлер, кеңсе мен қашықтан жұмыс істейтін мамандар арасындағы байланыстырушы буын болғандықтан, жаңа оқыту стратегиясын әзірлеуі тиіс. Бұл стратегия ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы қажет.

Біліктілікті арттыру және оқыту әдістері де өзгерістерді талап етеді. Әлемдік трендтер төмендегідей тәсілдерге басымдық береді:

- ✓ Микрооқыту – қысқа, мақсатты оқыту блоктарын пайдалану.
- ✓ Менторлық оқыту – тәжірибелі мамандардың жаңа қызметкерлерге тәлімгерлік етуі.
- ✓ Жұмыс барысында оқыту – қызметкердің тікелей міндеттерін орындау кезінде қажетті білім мен дағдыларды меңгеруі.

Бұл тәсілдер қызметкерлерге жұмыс барысында өздеріне қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі кадрлық басқару тенденциялары тұрақсыздық кезеңінде HR-қызметтің ұйым ішінде қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру, олардың төзімділігі мен сыртқы өзгерістерге бейімделу қабілетін дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Бұл шаралар қызметкерлерді сыртқы әсерлерден қорғауға және күтпеген өзгерістерге дайын болуға көмектеседі. Сонымен қатар, HR-қызмет ұйымдағы өзгерістерді басқаруда орталық рөл атқарады. Ұйым басшылары мен HR-мамандары өзара тығыз ынтымақтастық орнату арқылы заманауи ұйымдық құрылымды қалыптастыруы тиіс. Бұл құрылым қызметкерлерден, сыртқы мамандардан, жеткізушілерден және тұтынушылардан тұратын экожүйеге айналуы қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Свистунов В.М., Лобачев В.В. Влияние глобальной цифровизации на структуру мирового и национального рынков труда // Управление персоналом и интеллектуальными ресурсами в России. — 2023. — Том 12, № 1. — С. 81–86.
2. Строев В.В., Тихонов А.И. Фриланс-рекрутмент как инструмент поиска и подбора персонала на российском рынке труда // Московский экономический журнал. — 2023. — № 1. — С. 38–42.
3. Katherine Moody. The guide for the recruiter-consultant: solve the 25 most unpleasant situations associated with the loss of time (the complete formula of the recruiter-consultant). — Kindle edition. — 2022.
4. Mike Sarraille, George Randle, Josh Cotton, Jocko Willink. The Talent War: How Special Operations and Great Organizations Win on Talent. — Lioncrest Publishing. — 2020.
5. Steven M. Finkel Breakthrough-Exploding-Production-Experienced-Recruiters. — Professional Search Seminars. — 2023.

УДК 338.24

ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ

Самиғоллаева Құралай Қайратқызы

Сон Сания Ділмухамедқызы

“7M04101-Экономика және басқарудағы бизнес-аналитика” білім бағдарламасының
магистранттары

s.son@asu.edu.kz

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор Сабирова Р.К.

Ғалымдар мен практиктердің зерттеулерін зерделеу "өңірлік инновациялық әлеует" ұғымы өңірде инновациялық қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін пайдалы ресурстардың және қажет болған жағдайда одан әрі пайдалануға болатын ресурстардың болуымен байланысты екенін көрсетті.

Қазақстандық авторлар инновациялық әлеует - бұл өңірдің инновациялық қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ нарықтың сапасы мен қажеттілігіне халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін инновациялық өнімді жасауға дайындығы деген пікірмен келіседі және ғылыми айналымға жүйелі тәсіл тұрғысынан өңірдің зияткерлік әлеуетінің жаңа анықтамасын енгізуді ұсынады.

Бұл ғалымдардың берген жаңа анықтамасы келесідей: «біз аймақтың зияткерлік әлеуетін тұтыну процесінде сыртқы ортамен байланыса отырып, жаңартылған білім, жетілдірілген технологиялар және жаңа өнімдер сияқты зияткерлік еңбек нәтижелерін жасайтын еңбек және ақпараттық әлеует жиынтығы», - деп атауды ұсынады. Сонымен қатар, біз бұл зияткерлік жұмыс аймақтық бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді деп санайды. Сонымен бірге, бұл зерттеу үшін аймақтық зияткерлік әлеует тұрақты экономикалық дамуға және белгілі бір аймақ халқының әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін жаңа білім мен дағдылардың пайда болуына ықпал ететін құзыреттілік деңгейімен байланысты деп тұжырымдау әділетті екендігін айтады[1].

Экономиканы жаһандандыру үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы жағдайында бәсекелестік артықшылықтарға жету үшін әлемдік қауымдастықтың барлық елдерінде дерлік инновациялық үдерістерді жандандыру қажеттілігі пайда болды. Аймақтық және ұлттық экономиканың даму тетіктерінің ұқсастығы аумақтық зерттеулер үшін макроэкономикалық теорияларды: неоклассикалық, неокейнсиандық және тағы басқаларын қолдану мүмкіндігін алдын ала белгілейді. Сонымен бірге аумақтық экономика теориялары, атап айтқанда «инновациялық өсу нүктелері» немесе «даму ядросы», аймақтардың өзін-өзі дамыту әлеуеті, аймақтық агломерация секілді теориялары жасақталып, қолданыс табуда. XX ғасырдың 70-ші жылдары Еуропада экономикалық дағдарысқа байланысты жергілікті өсу теориясы кең таралды. Осы теорияға сәйкес аймақтардың дамуының жетістігі оның өзін-өзі дамыту мүмкіндігін табуға, жергілікті экономикалық әлеует пен қаржылық ресурстарды жұмылдыруға, жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті ынталандыруға, өзінің дамуын жергілікті жағдайларға бейімдеуге қабілеттілігімен анықталады. Дж. Фридманның даму бағыты мен тәжірибесін зерделеу негізінде елде өсу орталықтарын (ядроларын) қалыптастырудың төрт шартын енгізген теориясы ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл жергілікті «ұйықтап жатқан» ядролар (әлеуетті өсу полюстері) санының ауқымды болуы; ішкі немесе сыртқы әсер ету факторлары арқылы өзінің әрекетімен және табыстарымен ірі қалаларға, аймаққа және жалпы елге әсер ететін қуатты ядроның жандануы; өсу орталықтарының пайда болуына әкелетін бірнеше ядроның жандануы мен дамуы; ядролардың қуатты кластерлер мен салаларға бірігуі. Т. Хэгерstrand, Дж. Фридман, Ж.Р. Будвиль және басқа авторлар шеткі аймаққа инновациялар диффузиясының қолданысы идеясын әрі қарай қарастырып дамытты.

Инновациялар стратегиясын іске асыру тәжірибесі соңғы жылдары жекелеген бағдарламалар мен орталықтарға әкімшілік ресурстар мен инновациялық тартылулардың жеткіліксіз екендігін көрсетті. Инновациялық экономика өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар бірлігінде даму полюсін қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі уақытта инновациялық экономиканы дамыту үдерістері ғылымды қаржыландыру, ғылыми зертханалар мен институттар базасын жаңғыртудың орын алған мәселелерімен де, инновациялық белсенді кадр мамандарды дайындау мәселелерімен кездесуде. Оқу процесін ғылыми-техникалық қамтамасыз етуде, өндіріспен өзара іс-қимылдың, тәжірибенің қажетті базасының артта қалуы, осы бағытта бизнестің инновациялық белсенділігінің төмен болуы, оның қаржылық мүмкіндігінің шектеулігі кері әсер етеді. Мүмкіндіктердердің шектеулі болуы, Атырау облысы секілді ерекше географиялық жағдайы бар аймақтың аумақтық және әкімшілік оқшаулануы, қысқа кезеңде аумақты инновациялық дамытудың жоғары тиімді полюстерін құруға мүмкіндік бермейді. Бұл кезеңде жеке перспектива аясындағы бизнес үшін мүдделерді сипаттайтын технологиялар қатары секілді ғылым, аймақтың инновациялық даму бағытын ертерек ұсынған болатын. Бизнес ғылымы технологиялық жасақтамаларының тек 15-20% ғана қаржыландырады, ал жасақтаманың 60% жүзеге асырылуына бизнес қатыса алмайды. Бұл ретте осы аймақ белгілі бір басымдылықтары мен мүмкіндіктері бар инновациялық әлеуетке

ие, оларды біріктіре отырып аймақтағы инновациялық үдерістерді бірнеше есе жеделдетуге болады, оларға бәсекеге қабілеттілік пен әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

Осылайша, қазіргі инновациялық өндіріс ғылымның, білім мен өндірістің тек қана ұдайы өндірісте ғана емес, сонымен қатар аумақтық тұжырымдамасын да интеграциялық байланыстарын кеңейту қажеттілігін тудырады. Ғылым, білім және өндірістің интеграциялық қалыптасуы экономиканың инновациялық даму полюсіне айналады. Бұл ретте аймақтың оқшауланған инновациялық кіші жүйесі болып келетін кластер түрінде инновациялық даму полюсінің ядросы қалыптасады. Соған байланысты экономикалық, инновациялық әлеует, инновациялық белсенділік негізіндегі ғылым, білім, өндірістің кеңістіктегі интеграциясының тәжірибесі үшін теорияны, әдістемені және ұсыныстарды жасақтау, аймақтардың инновациялық дамуының жергілікті кеңістіктегі полюстерін қалыптастыру заманауи экономикалық зерттеулерде қажетті деңгейде қарастырылмаған өзекті мәселе болып табылады.

Инновациялық модель дамыған аймақ мемлекеттік қолдау есебінен бизнесті дамыту үшін мейлінше тартымды жағдайлар жасаған кезде пайда болады (қаржылық ресурстардың қолжетімділігі, сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі, бизнесті дамыту үшін жеңілдіктер жүйесі, инфрақұрылымды, білім мен ғылымды және өзгелерін дамытуға елеулі салымдар). Нәтижесінде – аймақтың өсуінің жоғары қарқындары, жаңа инновациялық орталықтар қалыптастыру және Атырау облысы сияқты дамыған аймақ технологиялар мен білімді жеткізушіден бәсекеге қабілетті инновациялық шикізат пен өнімді жеткізушіге бірте-бірте айналуы мүмкін.

Өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыру бірінші кезекте мемлекеттік құрылымдардың, ұлттық және аймақтық компаниялардың белсенділігімен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік құрумен айқындалады.

Бастапқы кезеңде инфрақұрылымды және бастапқы жобаларды дамытуды қаржылай қолдау маңызды, ол жергілікті орта және шағын бизнесті дамытуға және ірі инвесторларды тартуға қарай бірте-бірте төмендеуі мүмкін [2].

ИИДП жанында өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастырудың табысты болуының келесі факторы - кәсіпкерлік ахуал бизнесті дамытуға, фирмалардың белсенді ынтымақтастығына және бизнестің инновациялық белсенділігінің өсуіне көмектесуі тиіс [2].

Үшінші фактор – инновациялық және білім беру әлеуетінің өсуі, білім беру және ғылыми мекемелерді белсенді дамыту, бірлескен жобалар санының өсуі және бизнеспен, ең алдымен орта бизнеспен өзара іс-қимыл жасау [2].

Атырау облысы аймағын инновациялық дамыту полюсі жанында өнеркәсіптік-инновациялық кластерлер қалыптастыру реформалардың түрлі кезеңдеріне әртүрлі әсерін тигізген моноқаланың-Жылыой ауданы Құлсары қаласының экономикасын дамытудың маңызды факторына айналды. Құлсары моноқаласына мейлінше табысты даму, жоғары кәсіпкерлік және инновациялық белсенділігі бар аймақ қалыптастыру аймақтық саясаты маңызды, алайда билік тарапынан барабар саясат болмаса оларда экономиканың ескірген құрылымы сақталады. Шекараға жақын аймақтарда университеттер мен зерттеу орталықтарының дамуы мен ынтымақтастығына, шекаралардың кедергілік ролін, ең алдымен шекара маңындағы аймақтардың бірлескен ғылыми, білім беру және инновациялық жобаларын іске асыру үшін төмендетуге жәрдемдесу керек, бұл Атырау облысы аймағының шалғайдағы бөліктерінде өсу аумақтарының пайда болуы үшін мүмкіндік жасайды. Атырау облысында орта мерзімді перспективада инновациялық-өнеркәсіптік кластерлер қалыптастыру тетіктері 1-кестеде берілген.

Кесте 1 - Атырау облысында орта мерзімді перспективада инновациялық-өнеркәсіптік кластерлер қалыптастыру тетіктері

p/c	Құрал түрі	Іске асыру тетіктері
.1	Бизнес пен экономиканың инновацияларды қабылдағыштығын көтеру	Экономиканың перспективалы жоғары технологиялық секторларының, ең алдымен өңдеу өнеркәсібін қоса алғанда жаңа индустриялардың инновациялық тартымдылығын цифрлық технологияларды қолдану арқылы көтеру. Аймақтық даму бағдарламаларын іске асыру, заңнаманы жетілдіру (соның ішінде салықтық және тарифтік), сондай-ақ білікті кадрлар мен қосымша қаржы құралдарын тартуға жәрдемдесу бойынша шаралар кешенін іске асыру.
.2	«Қатаң» Жергілікті факторларды дамыту	Жақында құрылған инновациялық компанияларды мемлекеттік даму институттарының қолдауын, соның ішіндесәйкес мемлекеттік аймақтық бағдарламалар мен жоғары технологияларды қолдана отырып, жаңа индустрияларды дамыту үшін әзірленген жобалардың аясында шағын бизнес пен нақты жобаларды қолдауды кеңейту.
.3	Ғылым мен білімнің тиімділігін арттыру	Қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми қауымдастыққа тиімді бірігуі, соның ішінде ғылыми-зерттеу институттарын қолдау, алдыңғы қатарлы ЖОО мен ғылыми-зерттеу орталықтарын әлемдік деңгейге шығару арқылы құзыреттіліктер орталықтарын дамыту. Бизнес-құрылымдардың ауқымды инновациялық бағдарламаларын қолдау тетіктерін пысықтау бойынша пилоттық жобаларды іске асыру, атап айтқанда кластерлік бастамаларды қолдау және технологиялық платформалар қалыптастыру; инновациялық салада зерттеулер мен әзірлемелер сегментін дамытуға бағдарланған жоғары білім беру секторын қайта құрылымдау.
.	Адами әлеуетті күшейту	Аумақтық адами капиталдың көлемдерін арттыру және сапасын көтеру арқылы адами капиталды күшейту, оның құрылымын жетілдіру және оны белсенді дамыту. Адами капиталды күшейту үшін Атырау облысы экономикасының жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін секторларында жаңа жұмыс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді ынталандыру және жетекші аймақта жеке зертханаларды қолдау талап етіледі.
.	Аймақта инновациялар саласындағы көшбасшыларды іздеу.	Инновациялық даму, инновациялар саласында аймақтық шоғырлану мен мамандану деңгейі есебімен «өсу полюстері» ретінде кластердегі әлеуетті компанияларды бөлу. Инновациялар саласында кластерлік аймақтар қалыптастыруға арналған аймақтық карта жасау үшін индикаторлардың келесі топтарын пайдалануға болады: - <i>Кругман индексі (Krugman Specialization Index, KSI)</i> аймақтардағы салалық мамандануды бағалаудың абсолютті индикаторы болып табылады; - <i>Герфиндал–Гиршман индексі (Herfindal – Hirschman Index, HHI)</i> аймақтардағы маманданудың салыстырмалы шарасы болып келеді және аймақтағы агломерациялық нәтиженің әсерін көрсетеді.
Ақпарат көзі – [5] негізінде авторлар құрастырған		

Осылайша Атырау аймағында экономикалық кеңістіктің ерекшеліктерінің және аумақтық айырмашылықтардың (табиғи-географиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және т.б.) нәтижесінде өңірде біріздендірілген тәсілді қолдану мүмкін емес.

Өз кезегінде «білім экономикасының» қалыптасуының және жоғары технологиялар рөлінің күшеюінің есебімен аймақты инновациялық дамыту полюсінің жаңа факторларының әсерімен байланысты кеңістіктік даму тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындайды. Ұзақ мерзімді перспективада өсу полюстері ретінде өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастырудың негізгі тетіктерін әзірлеу кезінде облыс аумағы ішінде дамудағы әркелкілік пен айырмашылықтан туындайтын талаптар, сондай-ақ инновациялық менеджменттің базалық технологиялары ескерілді.

Практикалық маңыздылығы Атырау облысында өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыру белгілі бір аймақ бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаларда жоғарыда аталған тетіктерді пайдалану есебінен Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға айтарлықтай ықпал етуі мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Біріншіден, табысты өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыруды бірнеше жүйелі кезеңдер: ресурстарды шоғырландыру, кластерлік жүйе қалыптастыру, серпіліс пен жетілген даму болып келетін бұрын бөліп көрсетілген практикалық іс-шаралар негізінде орындау ұсынылады. Бұл ретте өнеркәсіптік-инновациялық кластер құру қолда бар ғылыми және инфрақұрылымдық база негізінде мүмкін болады, бұл өз кезегінде Атырау облысының ЖАӨ өсуінің маңызды факторы, сондай-ақ жаңа жоғары білікті жұмыс орындарының пайда болуы болып табылады. Қазақстанның Атырау облысында өнеркәсіптік-инновациялық салада маңызды ғылыми және технологиялық құзыреттіліктерді дамыту жоғары технологиялардың жаһандық нарығының мүдделеріне жауап беретіні және аймақтың және жалпы еліміздің беделін арттыратыны анық [3-4].

Екіншіден, өнеркәсіптік-инновациялық кластерді дамыту көзқарасы тұрғысынан экономиканың ғылымды қажет ететін секторларында сұраныс пен еңбек өнімділігін күшейту есебінен. Бұл өз кезегінде «қатты» және «жайлы» жергілікті факторларды пайдалану, инновациялар орталығын қалыптастыру және инвестор үшін мейілінше ашық «климат» құру есебінен бәсекеге қабілеттілікті арттыруға айтарлықтай әсерін тигізеді.

Үшіншіден, өнеркәсіптік-инновациялық кластер қалыптастыру цифрлық технологиялар мен инновацияларды енгізу, жоғары білікті кадрларды пайдалану нәтижесінде экономиканың барлық секторларының дамуына ықпал ететін болады. Бұл ғылыми-зерттеу институттарын қолдау, жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарын әлемдік деңгейге шығару, сондай-ақ инновациялық стартапқа қатысушыларға кәсіпкерлік дағдылары мен мәдениетін беруге оң әсерін тигізеді [3-5].

Төртіншіден, монополияландырылған құрылымдардың болуымен және деңгейлес байланыстардың төмен деңгейімен ауырлатылмаған қолайлы бизнес-орта құрудың арқасында өнеркәсіптік-инновациялық кластер жоғары технологиялар өндірісіне бағдарланған девелоперлік жоба ретінде қаралатын болады. Бұл ретте өнеркәсіптік-инновациялық кластерді дамытудың төрт кезеңдік реттілігін сақтау өте маңызды, бұл оның табысты болуының міндетті шарты болып табылады. Сонымен қатар қоғаммен және оның жекелеген элементтерімен (бизнеспен және ғылыммен) маңызды диалог жасау (кең мағынада) керек, бұл Атырау облысының аймағын инновациялық дамыту полюсін қалыптастыру кезінде өнеркәсіптік-инновациялық кластерді тиімді дамытудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Кластерлік инфрақұрылымның ортақтығы, білім, идея алмасу үшін қолайлы орта, жұмыс күшінің бірыңғай нарығы – бұл компаниялар үшін географиялық жақындықтың барлық артықшылары емес. Кластер компаниялары бірінші кезекте өздерінің бәсекеге қабілеттіліктерін ұлғайтады. Кластердің тиімділігінің көрсеткіштеріне жаңа білімді генерациялауды, инновацияларды енгізу жылдамдығын, инновацияларды коммерцияландыру жылдамдығын жатқызады. Бұл көрсеткіштер бір жағынан аймақтық инновациялық жүйе тиімділігінің көрсеткіштерімен сәйкестендіріледі, бұл жалпы аймақтық инновациялық жүйені қарау, бағалау және талдау кезінде кластерлік тәсілді қолдану қажеттілігі туралы айтуға